

**Аққайың жалпы орта білім беретін мектебінің**  
**2024-2025 оқу жылына психологиялық қызмет бойынша жылдық есеп**

2024-2025 оқу жылы психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Оқу жылында оқушы саны-60, педагог саны-24, мектеп қызметкерлер саны-12, аналар саны-42, әкелер саны- 40.

Психолог бақылауындағы оқушылар саны- 4, тәуекел тобындағы оқушылар саны- 11(физиологиялық өлшем бойынша -1, әлеуметтік өлшем бойынша -10)

Мобильді топқа оқушы тіркелмеді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушы саны-1. Ол 3 сынып оқушысы.

### **1.Әдістемелік бағыт**

Психолог кабинетіндегі әдістемелік база жинақталып, қалыпқа келтірілді.

### **2. Диагностика бағыт-31.**

1,5,10 класс оқушылардың мектепке бейімделу мәселесі: зерттеу, бақылау жұмыстары жүргізілді. 1-ші класс оқушылардың мектепке бейімделу деңгейін анықтауда И.Керн әдістемесі алынды. 5-ші класс оқушылардың орта буынға бейімделу деңгейін анықтауда Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясы» әдістемесі алынды. Танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында өзін-өзі бағалау, темперамент анықтауға арналған әдістемелер мен тренингтер мен акциялар жүргізілді. 10 класс білім алушыларының мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістер мен жаттығулар жүргізілді.

Жоспар бойынша аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында келесідей әдістемелер алынды.

Қазан айында 8-11 класс DASS сауалнамасы; Нәтижесінде орташа деңгейдегі 9 оқушы анықталды.

Желтоқсан айында 9-11 класс Айзенк сауалнамасы; Нәтижесінде жоғары деңгейдегі 1 оқушы, орташа деңгейдегі 2 оқушы анықталды.

Қараша, желтоқсан айларында 3-4,5-6 класс Филлипс тесті; Нәтижесі қалыпты.

Желтоқсан айында 7 класс О.Кандаш тесті; Орташа деңгейдегі 2 оқушы анықталды.



Қаңтар айында 8-11 класс Спилберг-Ханин сауанамасы; Орташа деңгейдегі 3 оқушы анықталды.

Анықталған оқушылармен жартылай құрылымдық сұхбат өткізіліп, кеңес берілді. Топтық тренинг жаттығулар өткізілді.

Жеке адамның типін анықтау мақсатында 7-10 сынып оқушыларынан Голланд әдістемесі алынды.

2-3 класс оқушыларының танымдық қабілетін анықтау мақсатында «Графикалық диктант» алынды. Нәтижесі қалыпты.

Дарынды балаларды анықтау мақсатында Гарнердің көптік интеллект тесті алынды. Мамыр айында 8-11 сынып оқушыларынан «Жалғыздықты сезіну шкаласы» С.Г.Корчагина әдістемесі өткізілді, нәтижесінде 2 оқушы орташа деңгей, қалған оқушылар деңгейі қалыпты. 5-7 сынып оқушыларынан «Жаңбыр астындағы адам» жобалау әдістемесі, 1-4 сынып оқушыларынан А.Н.Волкова «Балалардағы суицид қаупінің болжамдық кестесі» алынды. Нәтижелері қалыпты.

«Буллинг, кибербуллинг», «Зорлық – зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында сауалнама алынды. Нәтижесінде мектебімізде зорлық-зомбылыққа ұшыраған оқушы анықталмады.

### **3. Кеңес беру бағыты-23**

Оқушыларға-17, ата-анаға-3, педагогке-5.

Балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мәселелері, бейімделу мәселелері бойынша педагогтарға, ата-аналарға кеңестер берілді. Жасөспірімдердің жыныстық қол сұғулмаушылығына қатысты зорлық пен қастандықты болдырмауға байланысты қалалық прокуратураның ескертпелері ата-аналарға, мұғалімдерге, оқушыларға таратылып, ескертілді. Диагностика нәтижесі бойынша кеңестер берілді.

### **4. Түзету-дамыту бағыты-7**

Педагогтардың, ата-аналардың бойынша дербес –коррекциялық көмек жұмыстары жасалды. Оқушыларға топтық коррекциялық жұмыстар жасалып, кеңестер берілді.

«Сенім жәшігіне» хат түспеді. 1 сынып оқушыларына «Мектеп өмірінің ережесі», «Қабылдау және есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар» (Артемьева), «Мектептегі көңіл күй» түзету-дамыту сабақтары өткізілді. 1 сынып оқушыларына психомоториканы дамытуға арналған жаттығулар өткізіліп, 5 сынып оқушыларынан танымдық жаттығулар «Шульте» кестесі, «Струп-тест» алынды. 5-6 сынып оқушыларына «Ақ қағаздағы адам» жаттығуы, «Жарнама» жаттығуы, 9-11 сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» сабақтары өткізілді. 7 класс оқушыларына «Командалық көпір», «Сенім соқпағы», «Эмоцияны түсіну», «Қолдау шеңбері» жаттығулары өткізілді. 9-11 класс оқушыларына "Менің



ресурсым", "Алаңдаушылықтан арылу" (демалу техникасы), "Қорқыныштан күшке", "Жылы сөздер", "Сенімді қадам" жаттығулары өткізілді.

## 5. Ағарту және профилактикалық бағыт-22

### Ата-ана-4, педагогтарға-2, оқушыларға-16.

Мектеп педагогтарымен, орта, жоғарғы буын ана-аналарына дәрістер оқылып, кеңестер берілді.

Тренинг жоспар бойынша өтті. Тренинг қатысушы оқушылар жаттығуларға белсенді қатысып, әңгімелесу, пікірталас барысында өз ойларын жеткізе білді. 11 класс білім алушыларымен «Менің болашақ мамандығым, ҰБТ-ға сеніммен барайық» тренинг сабақтар жүргізілді.



Жоғары сынып оқушыларымен «Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімдердің өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, өз мүмкіндіктерін анықтап, қоғаммен

және өзара қарым-қатынасындағы жарасымды мінез ерекшеліктері мен сенімді мінез-құлықтарын қалыптастыру.



Орта буын сынып оқушыларымен «Жасөспірім шақты жақыннан таңы» тақырыбында тренинг-сабақ өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімдердің өзін-өзі дамытуына, өзіндік сана мен дербес пікірлер айтуына, өзін-өзі реттеуіне ықпал ету.



Сыныптың ұйымшылдығын арттыру, сынып ішінде сенімді қалыптастыруға, балалар арасында өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту мақсатында «Біз біргеміз» тақырыбында 1-4 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. 5-8 сынып оқушыларына «Әлімжеттік әлсiздiң iсi тақырыбында» тренинг өткізілді.



9-11 сынып оқушыларына «Мен жеңімпазбын!» тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойындағы қобалжу, мазасыздану, қорқыныш сезімдерін жою, өз – өзіне сенімділігін арттыру және жағымды көңіл – күйлерін қалыптастыру.



Балалар мен жасөспірімдер арасында буллингке қарсы сана сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға ұмтылысын тәрбиелеу мақсатында 5-8 сынып оқушыларына «Буллингке жол жоқ» тақырыбында челлендж түсіріліп, түсіндірме жұмысы жүргізілді. 5 сынып оқушыларымен «Мы – команда!» атты тренинг өткізілді.



«Жыныстық сауаттылық: жасөспірімдерді дұрыс жолға бастау» тақырыбында 7-11 класс қыздарымен кездесу өткізілді. Дәріс барысында психологиялық сергіту

жаттығуы өткізілді. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша презентация көрсетіліп, ақпараттар мен кеңестер айтылды.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» тақырыбындағы кездесуде «Мұнара» атты психологиялық ойын өткізілді.



Қыркүйек айында ата-аналар және педагогтар арасында «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ - ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» тақырыбында жалпы жиналыс өткізілді. Балалардың қауіпсіздігі арналған түсіндірме жұмысы жүргізілі. «Жасөспірімдердің психикалық денсаулығы» тақырыбында ата-аналарға

психологиялық дәріс оқылды. 1 сынып ата-аналарына "Менің балам – менің көзқарасым" психологиялық тренингі өткізілді. 7,9 сыныптың ата-аналар жиналысына қатысып, жаттығулар өткізіліп, кеңестер берілді. PIZA қатысушы оқушылардың ата-аналарына «Ата-анамның қолдауымен жеңіске...» атты тренинг өткізілді.



4, 9 сынып оқушыларын ББЖМ тесті алдында психологиялық қолдау мақсатында «Зейінділікті дамыту», «Сенім- жетістік кілті», «Дағдарысты жеңу» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізілді. Дәріс барысында оқушылар тест алдындағы қобалжудың қалыпты жағдай екенін түсінді. Олар




сенімділік пен мотивацияны арттыру жолдарын меңгеріп, тыныс алу және зейінді шоғырландыру жаттығулары арқылы эмоционалдық тұрақтылықты сезіне алды. Аффирмациялар мен практикалық тапсырмалар оқушылардың ішкі ресурсын оятып, өз күшіне сенуге ынталандырды. Дәріс соңында оқушылар жағымды күйде, мотивациямен шықты.



**19.02.2025ж.** «Буллинг, кибербуллинг» түсіндіру жұмысы. Іс-шараның мақсаты мен маңыздылығын түсіндірілді. "Сөзді тап" ойыны өткізілді. Мектеп психологы Г.Н.Әбілхаева «Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?», «Неге бұл тақырып маңызды?» тақырыптарында сөз сөйледі.

Учаскелік полиция инспекторының С.А.Тугелов «Буллинг пен кибербуллингтің заңдық салдары», «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік түрлері», «Қандай жағдайларда полицияға жүгінуге болады?» тақырыптарында сөз сөйледі.



**09.04.2025ж.** Ата-аналарды мониторинг тестінің мән-маңызымен таныстырып, психологиялық қолдау көрсету, балаларына дұрыс мотивация беру жолдарын ұсыну мақсатында «Ата-ананың қолдауы-бала жетістігінің



негізі» психологиялық тренинг өткізілді.

Қатысушылар: 4,9 сынып ата-аналары (саны-16)

Сынып жетекшілер апталығы аясында педагогтарға «Мені

сипатта» атты тренинг жаттығуы өткізілді.



**20.05.2025ж.** Жалпы ата-аналар жиналысында және педагогикалық кеңесте «Суицид сақшылары» тақырыбында түсіндіру жұмысы жүргізілді. Қатысқан ата-аналар саны- 35. Қатысқан педагог саны- 22 . Ата-аналар жиналысында жағымды атмосфера қалыптастыру мақсатында «Көшбасшыны тап» тренинг жаттығуы өткізілді.

## **6.Эксперттік бағыт**

Оқушылардың мектепке ортаға бейімделуі, ата-аналар жиналысына қатысу, құқықбұзушылықтың алдын алу, зерттеу нәтижелерін толтыру, бақылау, оқушылардың мамандық таңдауға бейімділігін талқылау.



**Қорытынды:** Аққайың жалпы білім беретін мектебі бойынша психологиялық қызмет жұмыстары жоспарға сәйкес орындалды.

Мектеп психологі:



Г.Н.Әбілхаева